


Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі



Бекітемін:

Мектеп директоры:

А.А.Жақасов

«01» 09 2023ж



Қаралды:

Мұғалімдер аудандық білім бөлімі ММ

Әдістемелік кабинет әдіскері:

Ж.Ж.Айтбаева

«02» 09 2023ж

«Ғажайып математика»

Қаралды:

Әдістеме бірлестік отырысында

Хаттама №2

Н.Т.Джанзакова

«11» 08 2023ж

2023-2024 оқу жылы



Бағдарламаны құрастырған:

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып
мұғалімі Н.Р.Туракова

Түсінік хат

Математика пәнінің негізгі оқу бағдарламаларын басшылыққа ала отырып жасалған бұл бағдарлама оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын еске сақтау емес, осы материалды шығармашылықпен қолдау шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

1-сынып оқушыларына арналған «Ғажайып математика» факультатив сабағының негізгі мақсаты: Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасау.

Бағдарламада 10 көлеміндегі сандарды кестелік қосу, азайту, теңдік, теңсіздік, сөз есеп шығару сияқты тақырыптар қамтылған. Берілген жаттығулар оқушының жас ерекшелігі мен қабілетіне сәйкес құрылған. Ұсынылған тапсырмалар математика сабағынан алған білімдерін тексеруге, оны толықтыруға, оқушының оқуға деген жауапкершілігін арттыруға көмектеседі.

Математика пәні шыдамдылықты, зеректілікті және еңбексүйгіштікті талап етеді. Бағдарламадағы берілген оқу материалдары осыны есепке ала отырып әзірленді.

Бағдарламаның міндеттері:

- Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру;
- Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету;
- Көру, есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойын

дамыту

Өз пікірін айту, талдау және оны дәлелдеу арқылы тілін дамытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Заттарды санау, салыстыруды біледі.
- Қосу мен азайтудың қасиеттерін біледі.
- Оқушылардың есте сақтау қабілеттері, зейіні, логикалық ойлау дағдылары дамиды.
- Оқушылардың математика түсініктері, есептеу дағдылары, есептің белгілі бір түрін шығара білу дағдылары қалыптасады.

1 сынып. Жылдық сағат саны - 33

P/c	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Сандарды оқу, жазу.	1	
2	Сандар. Заттарды санау.	1	
3	Заттар тобын салыстыру.	1	
4	Заттарды ретімен санау. Нешінші ?	1	
5	Сандарды салыстыру. Математикалық тақпақтар	1	
6	Тең. Артық. Кем.	1	
7	Өрнек және оның мәні.	1	
8	Кестелік қосу және азайту.	1	
9	Қосудың ауыстырымдылық қасиеті	1	
10	Сандар қатары. Санамақ.	1	
11	Геометриялық фигуралар.	1	
12	Заттар мен фигуралардың қасиеттері	1	
13	Ұзын, қысқа. Кең, тар.	1	
14	Ауыр, жеңіл . Килограмм	1	
15	Заттың ұзындығын өлшеу.	1	
16	10 саны. Ұзындықтың өлшем бірлігі	1	
17	Тақырыпқа берілген есептер.	1	
18	Өрнек пен сан.	1	
19	Математикалық жұмбақтар.	1	
20	Есептер шығару.	1	
21	Математикалық санамақтар.	1	
22	Ондықтарды санау	1	
23	Ондықтарды салыстыру.	1	
24	Ондықтарды қосу және азайту	1	
25	Математикалық жаңылташтар.	1	

26	Уақыт өлшем бірліктері.	1	
27	Теңдеу шешу.	1	
28	Математикалық қызықты есептер.	1	
29	Логикалық ойлауға арналған күрделі қызықты есептер	1	
30	Геометриялық пішіндерді таныстыру	1	
31	Әріптік өрнек.	1	
32	«Ойлан, тап!», Математикалық ойындар	1	
33	«Жас математиктер» сайысы	1	
34	Қорытындылау.	1	

Пайдаланылған әдебиет

1. Ұ.Жұмаділдаева. Сандарға саяхат. – Алматы, 1997 ж.
2. Б.М.Қосанов. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. – Алматы, 1998 ж.
3. «Ойнайық та ойлайық». – Алматы, 1996 ж.
4. Қызықты математика. – Алматы кітап, 1998 ж.
5. А.Құралұлы. Ұлттық дүниетаным. – Алматы, 2002 ж.